

**Қоғамдық көлікте (таксиден басқа) Целиноград ауданы азаматтарының жекелеген санаттарына жолақысын төлеу жөніндегі жеңілдік белгілеу туралы**

Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 27 ақпандағы № А-2/57 және Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2025 жылғы 27 ақпандағы № 310/39-8 бірлескен қаулысы мен шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 7 наурызда № 8897-03 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Заңының 13-бабына сәйкес, Целиноград ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Целиноград аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Қоғамдық көлікте (таксиден басқа) Целиноград ауданы азаматтарының келесі санаттарына тегін жолақы түрінде жеңілдік белгіленсін:

1) кәмелетке толмаған бірге тұратын төрт және одан да көп балалары бар көп балалы отбасыларға (заңды өкілдерінің біріне);

2) көп балалы отбасылардан шыққан мектеп жасындағы балаларға.

2. Қаржыландыру көзі болып Целиноград ауданының бюджеті анықталсын.

3. Осы бірлескен Целиноград ауданы әкімдігінің қаулысы және Целиноград аудандық мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Целиноград ауданының әкімі*

*Д.Сабырғали*

*Целиноград аудандық мәслихатының төрағасы*

*Л.Конарбаева*